

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656 қаулысына өзгерту енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 14 ақпандағы N 200

Қазақстан Республикасының Дәрменсіз мемлекеттік кәсіпорындарды сауықтыру және тарату жөніндегі ведомствоаралық комиссиясының 1996 жылғы 17 қаңтардағы шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне төлем

жасауға қабілеті жоқ кәсіпорындарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 мамырдағы N 656

P950656_

қаулысына (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 17, 194-бап) мынадай өзгерту енгізілсін:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берілетін төлем жасауға қабілеті жоқ кәсіпорындардың тізбесі мыналармен толықтырылсын:

"Карбид" АҚ, Қарағанды облысы

"Каршахтастрой" АҚ, Қарағанды облысы

"Кустанайасбест" АҚ, Қостанай облысы

"Петропавл шағын литражды двигательдер зауыты" АҚ, Солтүстік Қазақстан облысы.

"Металлист"зауыты" АҚ, Батыс Қазақстан облысы.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті жоғарыда аталған акционерлік қоғамдардың мемлекеттік акциялар пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқықтарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне берсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК